

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор PhD

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор PhD

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., д.ф.н., профессор (Российская Федерация)
Еспенбетов А. С., д.ф.н., профессор
Трушев А. К., д.ф.н., профессор
Маслова В. А., д.ф.н., профессор (Белоруссия)
Пименова М. В., д.ф.н., профессор (Российская Федерация)
Баратова М. Н., д.ф.н., профессор
Аймухамбет Ж. А., д.ф.н., профессор
Шапауов Э. К., к.ф.н., профессор
Шокубаева З. Ж., технический редактор

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

**МАЗМУНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT**

Abdullayeva K. M.

The conceptual system in the image of the poetic universe
of Mashhur Zhusip 6

Абидәеев К. Н., Әбдіқалық К. С., Абишева Н. М.

Д. Лондонның «Мартин Иден» романын ЖОО-да оқытуда
проблемалық диалогтік оқыту әдісін қолдану 18

Abisheva Sh. S., Yussimbayeva S. Kh.,

Dosybayeva A. B., Koshimova B. A.

Kazakh children's poetry in 1950–60 and A. Sopybekov's literary repertoire 30

Abiyr K. E., Abdigaziuly B.

Folklore and the principle of literary continuity: transformation
of the image of Raiymbek Batyr 43

Адамова А., Ахмаева Н., Сағындықұлы Б.

Харизма және биік беделділік: психолингвистикалық тірек 56

Akbulatov A. A., Tukeshova N. M., Naimanbaev A. A., Kairova M. K.

The theme of the Afghan war in A. Tarazi's «Punishment»
and Kh. Hosseini's «A thousand splendid suns» 67

Akizhanova D. M., Satenova S. K., Mukatayeva K. B.,

Zhakipova M. M., Demessinova G. Kh.

Cultural keywords in the Kazakh business discourse 80

Anarbekova U., Salkynbay A.

Kazakh grammatology: A. Baitursynuly's legacy
in national writing and literacy 91

Aushakhman A. T., Tarakov A. S.

Exploring metaphor transfer in B. L. Pasternak's verses across
English and Kazakh translations 105

Baran C. K., Amangazykyzy M., Orazbek M. S., Gilea A. A.

The city topos as a subject in the genre of urban fantasy 119

Досмаханова Р. А., Мирзоеев Л. Ю., Ажиеев К. О.

Об авторских стратегиях в казахской экологической прозе 132

Yerlanova A. Y., Baratova M. N.

The significance of revealing the image in the didactic
poems of Mashkhur Zhussip 144

Жанұзақова Қ. Т., Құраған Р. Ә., Ахетов М. Қ.

I. Есенберлиннің «Қаһар» романындағы фольклорлық сарындар 157

Зинединова А. С., Зейнулина А. Ф., Кусманова К. А.

«Гүлістан бит түркі» ескерткішінің синтаксистік ерекшелігі 170

Кабжанова А. Ш., Ерғалиев Қ. С., Уайханова М. А.

Паремиологиялық сөздік қордың заманауи көрінісі 183

Кайдаполова З. Т., Мадиева Г. Б.

Неофициальные именования (прозвища) как специфический объект
ономастической номинации 195

Kakimzhanova A. L., Abikenova G. T.

Linguistic expression of spiritual and moral values in Shakarim's work 208

Каппасова А. Ш., Адилова А. С.

БАҚ-тағы интэртекстуалдылықтың типтері 220

Kemelbekova Z. A., Kazybay M. E.,**Yessenaman S. Y., Degtyareva X. S.**

Ways to overcome intercultural barriers in the English
language classroom 229

Кудеринова К., Қожахмет Ә.

Қазақ тілінің ауызша корпусы және ауызша тіл 243

Күшанова А. Н., Күшкимбаева А. С.

М. Әуезовтің «Караң-қараң оқығасы» повесіне лингвомәдени талдау 255

Қыдырбаева Н. Б., Жанысбекова Э. Т.

Дк. К. Роулингтің «Гарри Поттер» әдеби ертеңі желісінде ғажайып
әлементтерінің қолданылуы 266

Кыяхметова Ш. А., Джакыпбекова М. Т., Жазықбекова А. К.

Ілияс Жансүгіров поэмаларының зерттелу жайы (жаңаша пайымдау) 277

Махамбетова А. М.

Саяси дискурстағы спичрайтердің рөлі: психолингвистикалық
және социолингвистикалық тұрғыдан зерттеудің маңыздылығы
(Әбіш Кекілбайұлының әзірлеген саяси мәтіні негізінде) 287

Medetbekova P. T., Pernebek A. A.

The role of edutainment technology in teaching listening 300

Набиолла Н., Қенжалин Қ. К., Алимхан А. А.

Қытайдағы түркі негізді кеңе топонимдердің бүгінгі жай-күйі 313

Nauryzbayev Zh. A., Seidenova S. D.

Multidimensionality of media discursive actualization
of the concept «Unity» in the protest activity context in Kazakhstan 327

Нұрбанова А. Қ.

Қазақ ағартушылары еңбектеріндегі
рухани-адамгершілік құндылықтар 342

Омарова Н. Г.

Репрезентация коммуникативной ценности «уважение»
в рекламном дискурсе 353

Сейітбекова А., Малбақов М., Мамырбек Г., Құлманов С.

В. В. Радлов сөздігі: араб, парсы сөздерінің лексикографиялануы 365

Сейтқазы Е. Қ., Мәуленов А. А.

Жамбыл Жабаев шығармашылығындағы миѳтік мотивтер
мен образдардың генезисі 378

Смагулова А. М., Толеубаева К. А.

Драматизмнің әдеби-эстетикалық категория
ретіндегі повестердегі рөлі 392

Ташекова А. Т., Жусіпов Н. К., Шалауов Ә. К.

Қазақ және татар үйлену жоралғыларының фольклорлық
ерекшеліктері (Бекмұрат Уахатов зерттеулеріннің негізінде) 404

Тлеубекова Б. Т., Сағынтаева Ж. Қ., Шарман Ә. П.

А. Сейдімбектің шығармашылық ғұмырнамасы 415

Төлеу А. Б., Сәулембек Г. Р.

Нәзипа Құлжанова әңгімесіндегі әйел бейнесі 425

Khalelova A. Kh., Kadyrova B. M.

Business discourse research approaches in Europe, North America
and Kazakhstan 436

Церцавадзе М. Г.

Семантический анализ пословиц с компонентом «враг»
на материале русского и грузинского языков 450

Шоқабаева С. С.

Фонетика-семантикалық сөзжасам тәсілін сөзжасамдық
қатынасқа сай пайымдау 460

Авторлар туралы ақпарат

Сведения об авторах

Information about the authors 471

Авторларға арналған ережелер

Правила для авторов

Rules for authors 501

Жарияланым этикасы

Публикационная этика

Publication ethics 525

<https://doi.org/10.48081/FHCR1521>

***Н. Набиолла¹, Қ. К. Қенжалин², А. А. Алимхан³**

¹Әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

²Л. Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Астана қ.

³С. Аманжолов атындағы

Шығыс Қазақстан университеті,

Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9832-8028>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-0440-7556>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-4285-312X>

*e-mail: nasihat_83@mail.ru

**ҚЫТАЙДАҒЫ ТҮРКІ НЕГІЗДІ КӨНЕ
ТОПОНИМДЕРДІҢ БҮГІНГІ ЖАЙ-КҮЙІ**

Еуразия құрлығын ендей отіп жеткән, Жібек жолы бойында орналасқан, Қытайдагы қалалар мен тарихи елді мекендердің атауларына сараптаулар жүргізіліп, оның қазіргі қолданыс аясына барлау жасалды. Ұлы жібек жолы саудасы Қытайда бірнеше бағытта қатарынан іске асқан. Кейбір сағ, гүн, үйсін, түркі дөүіріпен жалғасып, бүгінгі күнге дейін жеткен жер-су атауларының тарихи, саяси себептермен басқа атауларға ауысу барысына шолу жасалды. Түркі халықтарының бұрынғы мекен еткен қоныстарындағы ежелгі қалалар мен елді мекендердің жай-күйі, олардың бүгінгі күні сақталған-сақталмаганына талдаулар жасалып, тарихи құжыстар мен гылыми зерттеу еңбектер аясында сұрыптаулар жүргізілді. Елді мекендердің топонимдік астарына, яғни топонимдік мифтер мен топонимдік азыздарға барлау жүргізіліп, гылыми тұргыдан талдау жасалды. Тақырыптың ерекшелігіне сәйкес салыстырмалы-тарихи, жинақтау, сұрыптау әдістері қолданылды. Қазіргі кезеңдегі Қытайдагы елді мекендердің тарихи атауларының жаңа атаумен қалай қолданыс тапқаны мысалдармен берілді. Кейбір жер-су атауларының бүгінгі күні жоқ екенине, ал кейбірінің атауы бүкілдей

озгеруіне, тағы біреулердің тілдік, дыбыстық заңдылықтарға сүйене отырып, дыбыстық жасынан озгеріп қолданысқа енгеніне шолу жасалды. Шыңжаң өлкесіндегі қазақтар шогырланған елді мекендердің қазіргі аталау жүйесіне де зерттеулер жүргізілді.

Кілтті сөздер: миф, аңыз, тарихи атап, топонимдер, мәтін, Қытай аймагы, Жібек жолы

Кіріспе

Қазіргі Қытайдағы Ишкі Монгол, Хыбы, Шанси, Ниңша, Гансу, Шыңжаң қатарлы өнірлер ерте кезде алтай тілдес, соның ішінде түркі-монгол тілдес халықтардың тарихи атамекені болған. Оны сол кезеңнің тарихи құжаттары көрсетіп отыр. Бүгінгі күндері ашылған сол тарихи, археологиялық материалдар, Еуразия құрлышында сақ, ғұн, үйін, түркілердің тарихи дүниелері, құнды ескерткіштері сакталғанын айғақтайды. Сонда жасаған халықтардың мол рухани мұрасы сол елде, сол жерде қалыптасып дамыды. Сол өнірлерде өмір сүрген түркі текес тайпалар біріншінде үлкен елге айналған. Оның дәлелі күні бүгінгे дейін сол жерлерде сақталған бұғытастар, сақ пен үйіндердің ескерткіштері, ғұндардың мәдени жәдігерлері көптеп табылғандығында. Соңдай-ақ Қытайдың ежелгі астанасы Чан-Ан, қазіргі Ши-эннің солтустік іргесінен (Шаньси провинциясында) табылған Аньцзян моласы мен Шэньсидің орталығы Тайюань қаласының іргесінен табылған Юйхунның моласы да сол өнірдің түріктердің атамекені болғандығын көрсетіп отыр. Шыңжаң жеріндегі есепке алынып, тексеріліп-зерттелген көне түрік тас мүсіндердің ұзын саны 186-ға жеткен. Тіпті ондағы ежелгі қалалардың да орны көрсетілген. Олардың қатарында Алмалық қаласы, Бесбалық қаласы, Чамбалық қаласы және т.б. атауга болады [1, 43–45 бб.].

Қытай қоғамдық ғылымдар академиясы қазірге дейін Шыңжаң көлемінде 279 дана сынтасты тізімдікке алғып, оны 17 түрге болғен. Оның 125 данасы Алтай өнірінен табылған. Олар негізінен Алтай тауының шығысы мен батысында және Сауыр тауының оңтүстік, солтустігіне орналасқан [2, 30 б.]. Ондағы тарихи жәдігерлердің сынтастар, балбалдар, құлыптастар және бұғытастар деп төрт топқа бөліп қарастырған. Осы тарихи ескерткіштердің барлығы да сақ, ғұн, түркі дәүірлерінің көзіндегі бүгінгі күнге жеткен құнды мұралар.

Материалдар мен әдістері

Түркі және Қытай мәдениеттерінің өзара байланысын егжей-тегжейлі сипаттайтын тарихи жазбалар мен құжаттарды зерттеудің материалдық базасын құрайды. Тақырыптың ерекшелігіне сәйкес салыстырмалы-тарихи, жинақтау, сұрыптау әдістері қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс лингвистикалық элементтердің тарихи дамуы мен эволюциясы зерттелді,

лингвистер мен тарихшылар Қытайдың тарихи жазба-мәтіндерінде кездесетін түркі топонимдерін басқа түркі топонимдерімен салыстырып, бұл салыстыру лингвистикалық заңдылықтарды, уақыт бойынша өзгерістерді және көрші мәдениеттердің ықтимал әсерін анықтауға көмектеседі. Жинау әдісі талдау үшін жан-жақты мәліметтер жиынтығын құру үшін әр түрлі көздерден ежелгі түркі топонимдерін жинауды қамтиды. Сұрыптау лингвистикалық ерекшеліктер, географиялық орындар немесе тарихи кезеңдер сияқты жалпы сипаттамаларға негізделген жиналған деректерді санаттар бойынша үйімдастыруды қамтиды.

Нәтижелер және талқылау

Лингвистикада топонимдердің және басқа жалқы есімдердің мағынасы ғасырлар бойы талқыланып келеді. Жалқы есімдер (мысалы, жер атаулары) мен апелляторлар (жалпы зат есімдер) арасындағы айырмашылық жақсы белгілі. Жалқы есімдер монореферентті, яғни олардың сыртқы әлемде бір ғана референті бар. Бұл сойкестендіру функциясы – жалқы есімдерді анықтаудың ең маңызды критерийі [3, 17–20-б.].

Шыңжаң тарихында Қытайда билік жүргізген Чин, Хан патшалыктары тұсында «Тияншанның солтустік баурайында, ұлы Жібек жолының бойында, Тұрпан ойпатында көтеген «Қала бектігі» болған. Солардың бірі – қазіргі Баркөл ауданы болып саналады. Онда да өткеннің мұрасы, тарихи құнды жәдігерлер сакталған. Баркөл жері кезінде қытайлар мен түркілердің тоғысатын, сауда жасап, алым-берім жасайтын бекінісіне (калаға) айналған. Кейінгі XVIII ғасырда да ол қазақ хандығы мен Қытайлардың сауда жасайтын, зат ауыстыратын орыны болған. Баркөл 2800-3100 жылдық тарихқа ие байырғы аудандардың бірі болған. Біздің заманымыздан бұрынғы 138-114 жылдары батыс өнірдегі 36 бектіктің бірі болған. Тұрғындарының көбі мал шаруашылығымен айналысқан. Баркөл географиялық жағынан өте тиімді болған. Біріншіден, Баркөл – өте маңызды әскери әкімшілік район. Екіншіден, Баркөлдің әкімшілік орыны өте жогары болған. Ушіншіден, Баркөл Шыңжаңдың сауда істерінде маңызды орын саналған. Төртіншіден, Баркөл мал шаруашылық бектігі болған. Баркөл жылқысының ежелден бері орыны бар [4, 6–7-бб.]. Соңдықтан да осы өнірде біздің арғы аtabабаларымызбен байланысты тарихи ескерткіштердің көп табылуы заңдылық. Жібек жолындағы әйгілі қалалар тізбегі Қытай мен қатар еліміздің бірталай елдімекендерінде де орналасқан. Оған Жетісудағы қалалар, Тараз бен Шымкент қалалары маңында сақталған көне қалалардың орны дәлел. Бірнеше ғасырға жалғасқан Жібек жолы саудасы қалалар мен тұрақты елдімекендердің, бекіністер мен бекеттердің қалыптасуына негіз болды.

«Хан патшалығы тарихы. Батыс өнір шежіресінде» Үйін елінің астанасы «Шығу» қаласы жөнінде де деректер жазылған. Бұл қаланың орны қай жер

екені күні бүгінге дейін белгісіз. ...Археологтердің зерттеуіне қарағанда, сол кездегі астананың орны Іле аңғарында, тіпті анығырақ айтқанда Иленің бір тармағы Текес аңғарында десек орынды. Қытай археологтері Мұнғұлқүре ауданына қарасты Шаты қоңе қаласының орнының бір кезде «Шығу» (Үйсін елінің астанасы) қаласы болуы мүмкін деп болжам жасайды. Бұл әрине, іргелі зерттеуге қажетті мәселе [5, 37–38-бб.].

Ұлы жібек жолы саудасы Қытайда бірнеше бағытта қатарынан іске асқан. Соның бір тармағы Чаң-Аннан басталып, Хыши каридоры арқылы Тарым ойпатын басып өтетін тармақтары – Шыңжаң арқылы Орта Азия елдерінен өтіп, Еуропа құрлығына тұтасқан. Бұл өнірлерде кезінде ғұндар мен түркілер мекен еткен тарихи кітаптарда тайға таңба басқандай анық берілген. Осы өнірлерде сол дәуірден жалғасып келе жатқан жер-су атауларының бүгінгі күні өзгеріске ұшырап, Қытай тілінде аталып (өзі аталуы бойынша емес) келе жатқанын байқаймыз. Әрине, Сақтар мен ғұндар, түркілер дәуірінде қалыптастан жер-су атаулары, онан кейін тарих сахнасына шыққан монгол кезінде де біраз өзгеріске түскені анық, алайда кейір жер-су атаулары күні бүгінге дейін өз жалғасын тапқан. Жер-су атауларының өзгерінің де бірнеше себептері бар. Оның әуелгісі басып алған елдердің өз ұstemдігін мәңгілікке орнықтыру үшін, жауланушы елдің санасындағы тарихи жадты жою үшін, онда өмір сүріп жатқан елдің болашақта бұл жерді ата-бабасының тарихи мекені екенін айта алмауы үшін зорлықпен өзгертуі болса, енді бірде сол өнірде ұзак уақыт, тіпті ғасырлап орныққан соң, тілдік қолданыска байланысты уақыт пен заманың өтуімен өзгеріске түсіу деп айтуға болатын секілді. Сондықтан да жер-су атауларының комескіленуіне тарихи да, саяси да себептердің әсері болатыны сөзсіз.

Қазаққа қатысты дүниелердің Қытайдағы саяхатнамалар мен тарихи географиялық енбектерде, атап айтқанда, ғұн дәуірі мен түркі-монгол дәуірі, кейінгі Цин патшалығы дәуіріндегі мұраларда көбірек сақталғандығын көруге болады. Олар: VII ғасырда жазылған «Ұлы Таң әuletі заманындағы батыс өлкө туралы жазбалары», VIII ғасырда жазылған «Батысқа саяхат естелігі» кітаптарында жазылған [6].

Уақыттың өтуіне байланысты көптеген тарихи дүниелердің, соның ішінде ертеден жалғасып келе жатқан жер-су атауларының да тілдік жақтан өзгеріске түскенін көреміз. Солардың қатарында бүгінгі күндері орны жоқ қалалардың да аты тарихи кітаптарда сақталып қалған. Қазіргі Шыңжаң жеріндегі Санжы облысына қарасты жерде XII–XIII ғасырда бар болған Шамбалық қаласы бүгіндері жоқ. Аты да атальмайды, қаланың орны да өзгеріп кеткен. Тіпті бүгінгі күндері Санжы атalyп жүрген сол қала атауының да түбірі теренде екенін, кейінгі тілдік өзгерістер негізінде қалыптасаны туралы да мысалдар кездеседі.

Бұл секілді және бір қала бүгінгі Мори ауданының төңірегінде болған Бірбалық қаласы. Бұл да тарихи әдебиеттерде бар, алайда бүгінгі күндері қолданыстан шығып қалған, тіпті қаланың орны да көрінбейді. Мори атауының өзі де бертінде монгол шапқыншылығы кезеңінен кейін қалыптастан деген де мәлімет бар.

Ежелгі Алмалық қаласының ескі жұрты Іле өзенінің бойында, қазіргі КХР-дың Іле Қазақ автономиялы облысы аумағында, Қорғас ауданының орталығынан солтүстік-шығысқа қарай он бес шақырым жерде орналасқан. Қазір бұл қаланың да орны жоқ [1, 43-б.].

Уақыттың өтуімен сол өнірде жасаған хандықтар мен патшалықтардың бір-бірін басып алуы мен сол өлкелерде уақытша болса да билік басына келуі жер-су атауларының да өзгеріуіне ықпалы болғаны анық. Белгілі дәрежеде жаулаушы елдер өзі басып алған қоныстанған аумаққа өз тіліндегі атауларды қоятының тарихтан білеміз. Сондықтан да ежелгі сақ, ғұн, онан кейінгі үйсін, түркілер заманында сақталған қыруар мұралардың бүліншілікке ұшырап, өзгеріске түскені белгілі. Оны бүгінгі күні Қытай жері саналатын сол елді мекендердегі жер-су атауларының өзгерісінен де анық байқаймыз.

Жалпы Қытайдағы Жібек жолы бойында орналасқан жер-су атауларының бүгінгі күндері өзгеріске түскенін бірнеше сатыда бөліп айтуға болады. Әуелгісі, бүкілдей басқа атаумен айтылуы: оларға қазіргі Алтай аймағына қарасты Буырылтогай, Көктогай атауларының мүлде басқа атпен аталуын айтсақ болады.

Бурылтогайдың аты қалай шыққанына байланысты мынадай дерек бар: Ертеде Бурылтогайдың жоғары жағы үш Буырыл деп аталған. Олар – Шіңгіл, Шағанғол, Бұлғын өзендері. Бұлар кезінде Түрік қағанаты мен Теле тайпаларының мекені болған. Кейіннен 1922 жылы ғана сол аумак Буырылтогай ауданы деп аталған. Ол кезде қазіргі Шіңгіл ауданы орналасқан жер – Шұңғыл деп аталған. Және де кезінде Алтын тау атальып жүрген қазіргі Алтай атауы 1225 жылы Юан патшалығы тұсында өзгерілген. Сол кезенде олар Бесбалыққа (казіргі Үрімжі қаласына) қарасты болған [7, 175–177-бб.].

Алтай тауының қалайша Алтай аталғаны туралы аңыздар Асан қайғы атымен байланысты айтылады. Асан әулие жер жаһанды желмаясымен кезіп жүріп, Алтайға келгенде «Алты ай десе, алты ай екенсің, жаздың алты айы – жаннат-ақ екен, қызың қатты, жазың тәтті жер екенсің. Алтының мол екен. Ат тұяғы тоздыраш» деп бағалап кеткен заманың алдында ма, артында ма, Асқар Алтайдың койыны құтты бір тәуір заман болған екен дейді. Әрине, Алтай тауының Асан қайғы заманынан бұрын да Алтай атальып келгені тарихи құжаттардан белгілі. Сол тарихи атаудың, түркі дәуірінен бері жалғасып келе жатқан ұғымның XV ғасырда өмір сүрген Асан атымен байланысты айтылуы да тарихи қоныстың біздің тарихымызben тікелей

қатысты екенін көрсетеді. Ал бүгінгі күндері сол өнірдегі Бәйтік-Қаптық тауының атаулары қазак ру-тайпаларының ішінен шыққан батырлардың атымен байланысты айтылатыны да көреміз. Онда сол заманда Алтайда керей-найманың арақты батырлары, Алқалық аталары жасапты. Алтайдың ақ даласы мен жасыл белдеріне, анғарлы сайларына кереге жайып, күлін төгіп мекендейген екен деп аныздайды. Алтайдағы қазак елін монғолдар Қобда жерінен Байыншаган деген батырын шығарып, әскер бастатып, мал қууга жіберіпті. Бір мезет тәтті тұрмыстың рахатына бөлөнген қазактар бейғамдықпен ойсырай жениледі. Қапелемде елді басқан жауын көрген сол кездегі керейдің Бәйтік, Қаптық деген екі батыры сайлаудармен сыйысқа шығады. Сан жағынан үш есе көп монғолдар қазак сардарларын зор шығынға ұшыратады. Соғыста сан сарбаздар қаза табады. Кескілескен сыйыс бір жұмаға созылып, ақырында Бәйтік пен Қаптық бірдей қалмақтардың қолына түсіпті. Байыншаган бастаған қалмақтар қазақ елін шұбыртып, Шіңгіл арқылы Мори, Баркөлге айдалты. Алтайдан айдаған ел Бұлғынға барғанда, шұбырған елден жібекпен тысталған бұлғын ішік қалғандығы үшін, бұлғын ішік қалған жер «Бұлғын» аталыпты. Елді айдаған Байыншаган бастаған қалмақтар елді айдал-айдал, Мори жеріне өткен соң монғолдар біраз күн тыныстап, елді Баркөл жеріне өткізіп, Алтайға қайта айналмастай етудің мәжілісін құрыпты. Сол кезде Қалмақ батыры Байыншаган өрмек ету үшін қазақ елінен үш сұлу қызды таңдап шатырына әкелдіріпті. Осы мәжіліс үстіне келген сұлулар, әр тілден хабары бар зерделі жандар екен. Байыншаганның сезін білген олар Байыншаганды өлтіріп қашуды, ауашада кенесіпті де, сол күні түнде Байыншаган бастаған монғол батырлары арақты өлердей ішіп, мас болып, қазактың үш аруын қолтықтап шатырына кіргізіп, қолымен ымдал төсекті нұсқапты. Қыздар ұялғандай сыңай байқатып отыра беріпті. Монғолдың үш батыры күмін шешіп, қөрпесіне кіріп және кел деп ымдапты. Осы орайды күткен арулар жаудың өз қылышымен өзін шауып, Байыншаган бастаған қалмақ батырларының көзін жойып, Бәйтік пен Қаптықты босатып жолға салыпты.

Байыншаганды өлтірген үш қызы монғолдың қарауылынан аман құтылып, жапан кезіп зыр жүгіріпті. Тас қараңғы түнде зыр жүгірғен үш қызы, әлдекандай бір жерге барып демалып жатып ұйықтап қалады. Келесі күні үш қыздың отырған жерінен үш төбе пайда болып, сол үш төбе қазіргі күнге дейін «Үш қызы» аталыпты. Қазіргі Байыншаган жері монғол батыры өлгендігі үшін «Байыншаган» аталыпты.

Үш қызы босатқан Бәйтік пен Қаптық батыр айдалған елге келіп, түнімен жігіттерін сайлап, таң атпай бассыз қалған монғол әскерлерін қырғындал, елдің жартысын таң ата Алтайға, жартысын Баркөлге көшіріп, екеуі екі атқа мініп екі тауға қарауылға шығып кетіпти. Алыстан көрінетін

екі тау – қазіргі Бәйтік-Қаптық екен. Екі батыр сол кеткеннен қайтып оралмапты [8, 218–221-бб.].

Бұл аңыздарда мифтерде кездесетін құбылушылық айқын көрінеді. Сонымен бірге белгілі бір заттың белгілі бір жерде қалуына байланысты жер атының пайда болуы туралы аңыз да жүз береді. Айталық, «Бұлғынның» бұлғын аталуы бұлғын терісінен жасалған ішіктің сол жерде қалып қалуынан шыққан деп аныздайды. Бұндай аңыздар «Қозы Қөрпеш-Баян Сұлуға» байланысты айтылатын жырлар мен аңыздарда да кездеседі. Ал адамдардың белгілі бір қауіп-қатерден құтылу үшін басқа затқа құбылу сарыны қазак мифтерінде бұрыннан бар мотивтер. Оны бұл аңыздагы үш қыздың жаудан қашып, сілесі қатып шаршап жатып қалғанда тауға айналуынан, «Үш қызы» тауының аталуынан көрінеді. Сондай-ақ Бәйтік-Қаптық таулары да тауға айналған сол батырлардың бейнесі екен деп аныздауы да соның жарқын мысалы. Бұлғын күндері сол аңызға күе елді мекен «бейтүн» аталып, тарихи атауынан алшақтап бара жатқаны, уақыт өте келе аңызben бірге жер-су атауладының да өзгеріске түсестінін анғартады.

Богда атауына байланысты да миф ел арасында күні бүгінге дейін сақталған. Онда Богда батыр туралы төмөндеғідей баяндалады: Ертеде қазіргі Богда шыңынан бастап шығысы – Құмыл, Аратүрік, солтүстігі Қөктогай, Шіңгілге дейінгі ұлан-байтақ өнірді меркіт тайпасы мекендейпі. Меркіт хандығы Құмылдың батысындағы Астана деген жерді орталық етіп, ұзак өмір сүріпті. Сол кезде Монғол ханы Ясукей мен меркіттер арасында талай рет соғыс болыпты. Осы соғыста Меркіттер ішінен Богда деген батыр шығып ерекше көзге түсіпти. Оған наиза, қылыш өтпейді екен дейді.

Бір соғыста меркіттер Ясукейдің әйелі Бөртені тұтқынға түсіріпті. Кейін бітімге келіп, Бөртені қайтарып беріпті... ата кегін құған Теміршін әскер жиып, меркіттерге кең көлемді шабуыл жасапты. Алдымен әйгілі меркіт батыры Богданы жоймақ болып, бір топ жасауылды арнаулы жіберіп, Богданы өлтіруге аттандырыпты. Бұл кезде Богда батыр сексеннен асып, сақалы белуарына түсken шал болыпты. Тауға шығып, аң аулайды екен. Кейде тұлпарын қаңтарып қойып, кеудесін күнге қақтап, ұзақ ұйықтайды екен. Теміршін Богданы іздеген тобы Едіқұт тауының етегінде бейғам жатқан Богданы іздеп тауып, тамағынан наиза салыпты. Содан Богданың ақырған дауысы тауды тітіретіпти. Богда кенірдегінен салынған наизаны үстай орынынан тұрыпты. Аппақ қардай сақалы қызыл қанға боялыпты. Богда наизаның сабынан ұстаган бойы артына шегініп, мұз шыңға қарай қайқайып, көзден гайып болыпты. ...бұл сейіліп күн ашылғаннан кейін қараса Богда батыр кіріп кеткен мұз шың әуелгісінен биіктеп, адамның саусағы тәріздес салалы үш шыңға айналыпты, осыдан бастап бұл тау – Богда батырдың атымен Богда тауы аталыпты [9, 37-41-бб.].

Батырдың тауға айналу мотиві қазақ мифтерінде көптеп кездеседі. Жалпы, мифтің дамуында байқалатын заңдылықтардың бірі қазақ сияқты жоғары дамыған елдің мифтерінде адамның затқа, хайуанды айналуы басқаша түсіндіріледі. Қобінесе, мұндағы басты себеп – шаршап үйіктап кету немесе қарғыстанып, жазалану, яки болмаса, зор қауіптен қашу және т.т.

Ал, австралиялықтар сияқты елдердің мифі – алғашкы қауымдық (первобытный) миф. Мұнда тірінің өліге айналуы, адамның затқа, құсқа, аңға құбылуы мифтің сана аясында түсіндіріледі де, құбылушылық мақсатты (целенаправленный) болады. Мысалы, Океания жүртүйнің «Тагароның теңізді қалай жасағаны» деген миғінде көлдің сүйн тоқтату үшін бір әйел өзі тасқа айналады [10, 133–134-бб.]. Ал қазақ миғіндегі құбылушылық амалсыздықтан болған деп түсіндіріледі. Жеті қарақашы, Жеке батыр, Қырық қызы және т.б. жайындағы мифтерде кейіпкерлер амалсыздың күнінен басқа кейіпке туседі. Бірақ мұндағы амалсыздық – зорлық деген мағынада емес. Кейіпкер өз еркімен өзін-өзі тасқа не аңға айналдырымайды. Оны басқа субъект немесе басқа бір себеп құбылдырады. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақ мифі жалпы архаикалық мифтің табиғатына қайшы келмейді. Миф міндетті түрде себеп-салдарлы болады. Қандай да бір құбылушылықтың, яғни өзгерістің (айталық, қарлығаш құйрығының өзгеруі) себебі бар. Мифтердегі құбылушылық үш түрлі себепке байланысты болып келеді. Бірі – адам өте шаршағандықтан үйіктап кетіп, сол бойда тасқа я болмаса аңға, құсқа айналып кетеді. Мұндай мифтер Африка мен Австралияның жергілікті тайпаларының фольклорында өте көп. Қазақ арасында да мұндай мифтерді кездестіруге болады. Мысалы, жоғарыда баяндалған «Үйіктаган батыр» деп аталағын тасқа байланысты миф. Бүгінгі Қытай жеріндегі Богда тауы Еренқабырға тауының сілемдерінің құрылымына байланысты айтылған.

Ертеден бері ел арасында «Тәңір тауы» атауымен белгілі тау сілемін Қытайлар «Тиян шань» деп атап жүр. Бұл термин де біздің сөздік қорымызға кіріп, қалыпты атаулардың біріне айналып кеткен.

Күнес атауына байланысты да ел арасында аңыз бар. Онда Іле атауы мен Күнес атауының этимологиясы ашылады. Ол тәмендегідей баяндалады: ерте-ерте заманда жер жамылғысы бүтін жатқанда әрбір таң мөп-мөлдір болып атқанда қазақ елінде Арсылан деген хан болыпты. Ол билік жүргізіп «кендей», «тендікті» ұран етіп ұстанып, елін бастап отырыпты. Ол «Көк Тәңір» жайлы көп уағыз айтып, тұрмыс-әдептерін де соған бейімдепті. Оның Құбатөбел атты ақылшысы болыпты. Ол Тәңірдің аян етуімен алдағы болатын істі болжайды екен де: «Елім, ойланған бір қарандаршы, Көк Тәңірім өзі жыл сайын төрт мезгілді, күн мен түнді алмастырады. Енді біз де тәңірдің ісіне бейімделіп, тұрмыс-салт орнатуымыз керек. Жазиралы жер, жайлы мекеніміз кең болумен баршамыз да Тәңір берген ныпсыдан тең пайдалануымыз

лайық!» деп насиҳат айттып елін үйіткіп отырады екен. Құндердің бірінде Арсылан хан ел басыларымен кенес құрып отырганда бір ұлттың ел басысы: «Хан ағзам, үрім-бұтағымыз өсті, ел көбейді, енді бізге жайлы қандай бос жер бар, соны білмекші едік» деп талап қояды. Сонда барлығы Құбатөбел әулиеге қарасыпты.

Құбатөбел дереу: «олай десендер айтайын, Көк Тәңірінің аян етуіне қарағанда шығыста бір ұлкен тау бар. Оны «Тәңір тауы» деп атағанымыз жөн болар. Ол таудың екі жағында екі үлкен ойпат жатыр. осы таудың қалың қатпарлы өлкелерін өрлесендер көресіндер, ол бұдан бірнеше мың жыл бұрын үлкен көл болған екен. Тәңірімнің жарылқауымен ол көлдің сүй ығысып, көкше теңізге құйылыпты. Сол өлкесі мың жылдан бері гүлденіп, есіп тұрыпты. Бұл өлкені өрлей-өрлей тұйығына жетсендер, күн Тәңіріміздің шұғылалы мейірін әбден көресіндер» депті. Оナン соң қазактың бір ұлыс елі Құбатөбел айтқан жаққа көктем шыға көшіпти.

Айтса, айтқандай, бұл өлкеде жүгірген аң, ұшқан құстар басқа ештене көрінбепті. Ойы лықсыған орман-тогай, қыры шүйгін шөп, одан өрге самырысын, арша, нұ болыпты, одан ары алып ақбас тау қоршаган. Сай-саласы сыңғыр қақкан бұлаққа толы жер екен. Көшө жүріп өлкенің тұйығына жеткен ел қуанысып, бірқанша адамын Құбатөбелге жіберіп рақмет айттып, сәлем жолдапты.

Құбатөбел елдің сәлемін алған соң, «Ол бұрын судың астындағы сулы жер еді, енді нұлы жер болды, оның осылай толықсыған кезінде іле-шала сендер барып мекен алындар. Сондықтан бұл өлкесі «Іле» деп атальын, ал оның ең басқы тұйығы күн Тәңірімнің шұғыласы ашық түсіп, сөүлесі есіп тұратындықтан «Күн ес» деп атальын» депті. Содан бері Құбатөбел бабамызға Тәңір өзі аян беріп, жерге ат койғызғанда койылған «Күн ес» деген атау күні бүгінгі дейін «Күнес» атальып келеді [11, 127–129-бб.].

Тарбагатай аймағына қарасты Шәуешек қаласының атауы да белгілі бір әпсанамен байланысты. «Шәуешек бастауы» деп аталағын әпсанада ол тәмендегідей баяндалады. XVII ғасырдың бас шенінде бір бөлім қашқарлық байлар қажыға барып қайтарда Мұхаммед пайғамбардың әүлетінен Аллақожа (Идабатолла, яғни Аппақ қожа) деген арабты ұсыныс етіп, ертіп келе жатқанда Бұхара, Тәшкен, Қыргыз жолдарында тонаушылар көп дегендіктен Аллақожаның амандығына кепілдік ету үшін қазақ сахараасын басып, жолшыбай Шәуешекке түсіп дамылдаған екен. Осы кезде Шәуешек қаласы жок болып, Дөңши (Шокши) бастауына түнепті. Алыс жолдан әбден шаршап-шалдығып, шөлдеп келе жатқан Аллақожага Дөңши бастауы Сауди-Арабиядағы Зәмзәм бастауына ұқсап кетіпти. Өйткені сахара шөліндегі Байтолла бастауы дөң жерден шыққан. Араб аңыздарында Зәмзәм бастауын бірқанша мың жыл бұрын Ибраһим пайғамбар көріп, оның сүйн ішіп, сахара

шөлінде су таба алмай қаңып жүрген арабтардың сауабын алу үшін сол бастаудың басына Байтолланы салдырып, атагы жершарына тараган. Кейін Мұхаммед пайғамбар тұсына келгенде әйелі Қадишаның 6000 түйесінің сомасына қайтадан жаңартып, мұсылмандардың қажышылайтын киелі жайы «Мекке», «Байтолла», яғни Алланың үйіне айналған. Аллақожа түнеген осы бастауды Меккедегі Зәмзәм бастауына ұқсатып киелі бастау және Мекке секілді «тоғыз жолдың торабы екен» деп – келешекте бұл жер Байтолла бастауынан кем болмайды, бастаудың аты менің шөшегімнің (тостағанымның) атымен аталып жүрсін деп ойга келіп, алғы жүрген шөшегін тастап кетеді. Кейін бұл арадан өткен-кеткендер тостағанды су ішкенде пайдаланып, ел құлағына таралып, Дөңши бастауы, Шөшек бастауына айналыпты. Уақыттың өтуімен шөшек атауы Шәуешекке өзгеріп, бұқіл Орта Азияға белгілі болған дейді. [12, 141–142-бб.]. Шәуешек қаласының аталуының және бір себебі ретінде кезінде онда темір барабайлардың көптігімен байланыстырады. Оны қытайлар бейнелі түрде «барабай» сөзіне қала деген қытайша атауды қосып (барабайлы қала) атады десе, енді бірде Тарбағатай атауының басқы буыны «Та» буынына қытайша сөзін қосып бірге атауынан шыққан деген де дерек кездеседі. Бұл – терендей зерттеуді қажет ететін тақырып.

Шыңжаң өлкесінің Іле Қазақ автономиялы облысы, Тарбағатай аймағы, Толы ауданына қарасты Сарғусын деген жерге байланысты да айтуға болады. Оның бүгінгі қытайша атауы – «лау фың ку» болып аталып жүр. Қытайшадағы мағынасын тіке аударса «жел өті» дегенді білдіреді. Өйткені бір жылдың 360 күнінде бұл жерден жел үзілмей соғып тұрады. Кейде тіпті желдің қаттылығынан ауыр қоліктерді де аударып тастанайтын кездері болған. Алайда осы жердің бұрыннан орнықкан Сарғусын атауынан горі, бүгінгі қытайша бейнелі атауы көп қолданыска түскені байқалады.

Екіншіден, Қытайдағы көне жер-су атауларының басқы әріптері ғана алынып, аталып жүрген жайлары да бар.

Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты мақсатты бағдарламалық жоба аясында жазылды.

Қорытынды

Мақаланы жинақтайды, бүгінгі Қытай аумағындағы, Жібек жолы бойындағы елді мекендерде сак, ғұн, үйсін, түрік, қағанаттары тұсында көптеген елді мекендер атауларының сакталғанына көз жеткізіміз. Бірақ сол елді мекендердің тек тарихи құжаттар жүзінде қалғанын, бүгінгі кундері орынның қойғанда, атының да ұмыт болғанына материалдар негізінде нақтылы мысалдар бердік. Сонымен бірге қазіргі кезеңде бұрынғы атаулардың сипаты өзгеріп, оның орнына қытайша жаңа атаулардың қолданылып жатқанын

нақтылы мысалдармен көрсеттік. Заманың өтуі, сол аумақтағы биліктің алмасуы, көне елді мекениң орнына жаңа мемлекеттердің бой көтері – ертеден бері сақталып келе жатқан жер-су атауларына да өз әсерін тигізетін нақтылы мысалдармен көрсетілді. Оның әуелгі себебі ретінде сол топыракта өмір сүріп жатқан ежелгі ру-тайпалардың жадындағы сақталған кодты жоуга әсерін тигізіп, жаңа ұғым-түсініктерді санаға сініру екеніне көз жеткізіміз. Соңдықтан да бүндай тарихи жер-су атауларын арнайы қарастырып, зерттеу нысанына айналдырып, нақтылы мысалдармен дәлелдеп, қағаз жүзінде қалдыру өте маңызды болып саналады.

Зерттеу барысында ұсынылған тұжырымдар болашақта көне топонимдерді зерттеуде тиімді ғылыми база ретінде қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар, осы зерттеу жұмысы материалдары қытайдағы түркі негізінде топонимдерді одан әрі теренірек талдауға негіз бола алады.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 Сұнғатай, С. Еженханұлы Б. Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. Т. I. [Текст]. – Алматы : Дайк-Пресс, 2005. – 132 б.
- 2 Қебенұлы, Қ. Шыңжандағы сынтастар, балбал, құлыптас және бұғыстарап [Текст] // Мұра. 30 жылдан таңдамалылар. Т. 2. – Үрімжі, 2012. 230–237-бб.
- 3 Van Langendonck, W. Theory and Typology of Proper Names. [Text] - Berlin : Mouton de Gruyter, 2007. 17–20 р.
- 4 Қазақстан мен Таяу және Орта Шығыс: Тарихи-мәдени және рухани мұралар сабактастыры [Текст]. – Алматы, 2017. – 304 б.
- 5 Мырзаханұлы, Ж. Қазақ халқы және оның салт-санасы [Текст]. – Үрімжі, 2008. – 59 б.
- 6 Jan Jin Shin. Ancient Western writings [Text]. Ninsha people's publishing house, 2009.
- 7 Бурылтоғай ауданының аңыз-ертеғілері [Текст]. – Бурылтоғай, 2008. – 359 б.
- 8 Қектоғай ауданының аңыз-ертеғілері [Текст]. – Қектоғай, 2008. – 374 б.
- 9 Мори ауданының аңыз-әңгімелері [Текст]. – Мори, 2008. – 370 б.
- 10 Сказки и мифы Океании: Пер. с западноевропейских и полинезийских языков [Текст]. Москва, 2010. – 669 с.
- 11 Күнес ауданының аңыз-ертеғілері [Текст]. – Күнес, 2008. – 381 б.
- 12 Шәуешек қаласының аңыз-ертеғілері [Текст]. – Шәуешек, 2008. – 340 б.

References

- 1 **Sunqataj, S., Ezhenhanuly, B.** Qazaqstan tarihy turaly Qytaj derektemeleri [Details of China on the history of Kazakhstan] T.II. [Text]. – Almaty : Dajk-Press, 2005. – 132 p.
- 2 **Kobenuly, Q.** Shynzhandagy syntastar, balbal, qulyptas zhane bugytastar [Syntastas, balbal, kultas and bugytas in Xinjian // Heritage. Selected from 30 years. Vol. 2.T 2.] [Text]. – Yrimzhi, 2012. 230–237-pp.
- 3 **Van Langendonck, W.** Theory and Typology of Proper Names. [Text] - Berlin: Mouton de Gruyter, 2007. 17-20 p.
- 4 Qazaqstan men Tayau zhane Orta Shygys : Tarihi-madeni zhane ruhani muralar sabaqtastygy [Kazakhstan and the middle and Middle East: continuity of historical, cultural and spiritual heritage] [Text]. – Almaty, 2017. – 304 p.
- 5 **Myrzahanuly, Zh.** Qazaq halqy zhane ony salt-sanasy [Text]. – Yrimzhi, 2008. – 598 p.
- 6 **Jan Jin Shin.** Ancient Western writings [Text]. Ningxia People's Publishing House(Chinese Edition), 2017. – 250 p.
- 7 Buryltogaj audanynyn anyz-ertegileri [Legends and fairy tales of Buryltogai district] [Text]. – Buryltogaj, 2008. – 359 p.
- 8 Koktogaj audanynyn anyz-ertegileri [Legends and fairy tales of Koktogai district] [Text]. – Koktogaj, 2010. – 374 p.
- 9 Mori audanynyn anyz-angimeleri [Legends and stories of the Mori district] [Text]. – Mori, 2008. – 370 p.
- 10 Skazki i mify Okeanii: Per. s zapadnoevropejskikh i polinezijskikh yazykov [Stories and myths of Oceania: per. with western european and Polynesian languages] [Text] – Moscow, 2010. – 669 p.
- 11 Kunes audanynyn anyz-ertegileri [Legends and fairy tales of Kunes district] [Text]. – Kunes, 2008. – 381p.
- 12 Shaueshek qalasynyn anyz-ertegileri [Legends and tales of the city of shaueshek] [Text] – Shaueshek, 2008. – 340 p.

18.10.23 ж. баспаға түсті.

07.04.24 ж. тұзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Н. Набиолла¹, К. К. Кенжалин², А. А. Алимхан³¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы²Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Астана³Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск
Поступило в редакцию 18.10.23.
Поступило с исправлениями 07.04.24.
Принято в печать 25.11.24.**СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ТЮРКОЯЗЫЧНЫХ ДРЕВНИХ ТОПОНИМОВ В КИТАЕ**

Проведены экспертизы названий городов и исторических населенных пунктов Китая, расположенных вдоль Шелкового пути, простирающихся по всему евразийскому континенту, разведка его современного применения. Был проведен обзор хода перехода некоторых сакских, гунских, уйсунских, земельно-водных имен, продолжавшихся с тюркских времен и дошедших до наших дней, на другие названия по историческим, политическим причинам. Проведен анализ состояния древних городов и поселений в бывших населенных пунктах тюркских народов, сохранены ли они на сегодняшний день, проведена сортировка в рамках исторических документов и научно-исследовательских работ. Были проведены исследования и научно проанализированы топонимические предания населенных пунктов, то есть топонимические мифы и топонимические легенды. На примерах показано, как исторические названия поселений в Китае на современном этапе находят применение с новым названием. Был сделан обзор того, что некоторые топонимы сегодня отсутствуют, а некоторые полностью изменены по названию, другие изменены по звучанию, исходя из языковых, звуковых закономерностей. Также были изучены современные системы наименования населенных пунктов, в которых сосредоточены казахи в Синьцзяне.

Ключевые слова: миф, легенда, историческое название, топонимы, текст, территория Китая, Шелковый путь.

*N. Nabiolla¹, K. K. Kenzhalin², A. A. Alimkhan³

¹Al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty

²Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Astana

³East Kazakhstan University
named after S. Amanzholov,
Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk

Received 18.10.23.

Received in revised form 07.04.24.

Accepted for publication 25.11.24.

THE STATE OF ANCIENT TURKIC-BASED TOPOONYMS IN CHINA TODAY

Examinations of the names of cities and historical settlements of China located along the Silk Road, stretching across the Eurasian continent, and exploration of its modern application were carried out. A review was conducted of the transition of some Saka, Hunnic, Usun, land, and water names, which have continued since Turkic times and have survived to the present day, to other names for historical and political reasons. The analysis of the state of ancient cities and settlements in the former settlements of the Turkic peoples was carried out, whether they are preserved today, sorting was implemented with the framework of historical documents and research works. Research has been conducted and toponymic legends of settlements, that is, toponymic myths and toponymic legends, have been scientifically analyzed. The examples show how the historical names of settlements in China at the present stage are used with a new name. An overview was made of the fact that some toponyms are missing today, and some are completely changed in name, others are changed in sound, based on linguistic, sound patterns. Modern naming systems of settlements where Kazakhs are concentrated in Xinjiang were also studied.

Keywords: myth, legend, historical name, toponyms, text, the territory of China, Silk Road